

**«KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (Казминералз Ақтоғай) әсер етуге арналған
экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары (қоршаған ортаға
эмиссиялар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы,
экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар
жоспары, ықтимал әсерлер туралы есеп, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі)
бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар
ХАТТАМАСЫ**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы: Ақтоғай кенттік клубы ғимаратында.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (KAZ Минералз Ақтоғай) әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары (қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, ықтимал әсерлер туралы есеп, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі).

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы. Материалдар БІРЫҢҒАЙ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПОРТАЛДА <http://ecoportal.kz> және ҚР ЭГТРМ жанындағы "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" ШЖҚ РМК, «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ орналастырылған.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері:
ҚР, Абай облысы, Аягөз ауданы, Ақтоғай к.о., Ақтоғай кентінен 25 км қашықтықта, географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелері	Бұрыштық нүктелердің координаттары	
	Солтүстік ені	Шығыс бойлығы
1	46° 57' 06''	79° 58' 31''
2	46° 57' 53''	79° 59' 46''
3	46° 58' 40''	79° 59' 23''
4	46° 58' 42''	79° 57' 29''
5	46° 57' 46''	79° 57' 26''

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Ақтоғай кенті, Абай облысы.

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: «KAZ Minerals Aktogay» (KAZ Минералз Ақтоғай) ЖШС; БСН 090840006023; Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 85 А, 1-корпус. Тел.: 8-727-330-45-52, факс 8-727-244-71-96

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «ECO AIR» ЖШС; БСН 050940002909; Өскемен қ., Астана көш., 4; тел.: 8-7232-41-06-87.

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): Қатысушыларды тіркеу уақыты - 2023 жылдың 19 қыркүйекте сағат 10.50-де, қоғамдық тыңдаулардың басталу уақыты сағат

11.00-де, Маметова көшесі, 5 мекен-жайы бойынша Ақтоғай кенттік клубы ғимаратында. Ашық жиналыс түрінде, сондай-ақ келесі сілтеме бойынша ZOOM арқылы БКБ пайдалана отырып өткізіледі:

<https://us06web.zoom.us/j/3190037214?pwd=UnIxOIBVWHIEbTlzaU8wVXNCbm9POT09>

Идентификатор: 319 003 7214, құпиясөз: VJgZ3T

9. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі: Сұраным-хат пен жауап-хаттың көшірмелері осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының №1 Қосымшасында ұсынылған.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі: Қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының №2 Қосымшасында ұсынылған.

11. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіндігі туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) <http://ecoportal.kz> бірыңғай экологиялық порталында "Қоғамдық тыңдаулар" бөлімі; жарияланған күні: 16.08.2023 ж.

2) Жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми Интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми Интернет-ресурсында орналастырылады:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/press/article/details/132995?lang=ru>

3) бұқаралық ақпарат құралдарында: қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру қазақ және орыс тілінде 02.08.2023 жылы шыққан "Спектр" газетінде; 26.07.2023 ж. "NS" радиостанциясында орналастырылды.

Газеттің электрондық нұсқасы және эфирлік анықтама осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының №3 Қосымшасында ұсынылған.

4) әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында: Мәтіндік хабарландыру "Ақтоғай кенттік округі әкімі аппаратының" ақпараттық тақтасына орналастырылған. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының №4 Қосымшасында ұсынылған.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы ретінде Абай облысы Ақтоғай к.о. әкімі Шангереева Динара Тұрсыновна кандидатурасы тағайындалды.

Барлық қатысушылар: 30 (24-оффлайн, 6-онлайн). Дауыс бергендер: "қолдағандар" - 30 (бірауыздан дауыс берді), "қарсы болғандар" - 0, "қалыс қалғандар" - 0.

Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы болып "KAZ Minerals Aktogay" (KAZ Минералз Ақтоғай) ЖШС Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі үйлестірушісі Аубекерова Айгерим тағайындалды.

Барлық қатысушылар: 30 (24-оффлайн, 6-онлайн). Дауыс бергендер: "қолдағандар" - 30 (бірауыздан дауыс берді), "қарсы болғандар" - 0, "қалыс қалғандар" - 0.

1. Баяндама түріндегі жоба материалдарын қарау. Ұсынылатын регламент - 10 мин.

2. Сұрақ-жауап. Барлық ниет білдірушілердің баяндамашыға сұрақтар қоюына және жоба бойынша өз пікірін айтуына болады. Ұсынылатын регламент - 10 мин.

3. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылатын регламент - 5 мин.

Регламентті бекіту туралы дауыс бергендер:

Барлық қатысушылар: 30 (24-оффлайн, 6-онлайн). Дауыс бергендер: "қолдағандар" – 26 (бірауыздан дауыс берді), "қарсы болғандар" - 4, "қалыс қалғандар" - 0.

Қоғамдық тыңдаулар қағидаларының 23-тармағына сәйкес осы қоғамдық тыңдаулар өткізілді деп танылады.

Қоғамдық тыңдаулар мүдделі жұртшылықтың қатысуына байланысты өткізілді деп есептеледі.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндамашы – Камысова М.М., "ЕСО AIR" ЖШС инженер-экологы. Презентацияны көрсету және жобалық құжаттама бойынша баяндама жасау. Презентация слайдтарының саны – 19 слайд. Баяндама мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының №5 Қосымшасында ұсынылған.

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен барлық ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте:

т/а.№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
	Жергілікті тұрғындардың жобаға қатысты сұрақтары:		
1.	Көрсетілген жобадан Ақтоғай кентіне қандай пайдасы бар?	Кульбаева Шынар «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Актотай)» экологы жауап берді: Қоршаған ортаға түсетін эмиссияларға салық төленеді (17 слайдта көрсетілді). Мекеме тоқсан сайын қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдер жасайды. Төлемдер Аягөз ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына төленеді.	Сұраққа жартылай жауап берілді
2.	Қанша қалдықтар шығады жоба бойынша? Және олардың зияны кімге әсер етеді?	Кульбаева Шынар «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Актотай)» экологы жауап берді: Қалдықтардың көлемі 8-ші слайдта көрсетілген. Қалдықтардың негізгі бөлігі аршылған жыныстар мен қойма қалдықтары болып табылады. Аршылған жыныстарды жол салу үшін пайдаланады. Жедел уыттылық параметрлері бойынша қойма қалдықтары (флотациялық қалдықтар) «Улы және аса улы заттарға қойылатын қауіпсіздік талаптары» Техникалық регламентінің классификациясы бойынша қауіптіліктің 5-сыныбына жатады.	Сұраққа жартылай жауап берілді
3.	Көгалдандыру жұмысы туралы айта кетсек, Бозшакөл кентіндегі секілді неге ағаштарды отырғызу жұмыстарын атқармайсыз? КАЗ Минералз Бозшакөлде 3000 ағаш отырғызған, ал Ақтоғайда 2016 жылдан бастап	Кульбаева Шынар «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Актотай)» экологы жауап берді: 2022 жылы санитарлық-қорғау аймағының шекарасын (СЗЗ) белгілеу, жобаны әзірлеу жұмыстары басталды. Сол жылы санитарлық-қорғау аймағының (СЗЗ) шекарасында топырақты зерттеу жұмыстары жүргізілді.	Сұраққа жартылай жауап берілді

	көгалдандыру жұмыстары жүргізілмеген.	Келесі кезекте жобаны «Абай облысының Аягөз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына (СЭС)» жібердік. 2023 ж. 14 тамызда № 1719.X.KZ33VBZ00046018 СЭС қорытынды шығарды. Қорытынды бойынша СЗЗ аумағының топырағы ағаштар мен бұталарды отырғызуға жарамсыз деп танылды. Соған қоса 2023 жылы әкімдік таңдаған учаскеге 200 ағаш отырғызылады, чернозем енгізіледі.	
4.	Мероприятия по благоустройству и озеленению СЗЗ, включенное в План природоохранных мероприятий на 2022-2023 гг., не было выполнено (освоено). Необходимо внести в План природоохранных мероприятий раздел по озеленению территории СЗЗ и со стороны жилой зоны.	Ренат Мулдашев (руководитель УООС ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Актогай)): В План природоохранных мероприятий на 2022-2023 гг. было включено мероприятие «Разработка проекта благоустройства и озеленения СЗЗ». Данное мероприятие было полностью завершено, получено санитарно-эпидемиологическое заключение № 1719.X.KZ33VBZ00046018 от 14.08.2023г. Также выполняются мероприятия по высадке саженцев на территории предприятия. Согласно утвержденной Форме Плана мероприятий по охране окружающей среды мероприятия по озеленению территорий не предусматриваются (согласно форме Приложения 16 приказа и.о. Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 9 августа 2021 года № 319 «Об утверждении Правил выдачи экологических разрешений, представления декларации о воздействии на окружающую среду, а также форм бланков экологического разрешения на воздействие и порядка их заполнения»). В связи с предложением УПР, с учетом отсутствия необходимости озеленения санитарно-защитной зоны, на основании санитарно-эпидемиологического заключения № 1719.X.KZ33VBZ00046018 от 14.08.2023г по Проекту установления границ санитарно-защитной зоны, благоустройства и озеленения для ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Актогай) в План природоохранных мероприятий будет добавлен раздел «Охрана животного и растительного мира», в котором будет указано следующее мероприятие: Озеленение свободной от застроек территории предприятия (посадка саженцев и уход за зелеными насаждениями). Площадь посадки составит 13462,3 м².	Сұраққа жартылай жауап берілді
	Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ жергілікті тұрғындардың сұрақтары:		

5.	Неліктен сіз ауылдағы электр энергиясы сағат 9-дан 14-ке дейін болмайды деп жарияладыңыз, бірақ «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Ақтоғай)» келгенде қостыңыз?	Әкім орынбасары жауап берді: Егер электр энергиясы болмаса, әкімдік жарықты арнайы өшірді деп айтар едіңіз, енді жарық бар қандай шағымдар болуы мүмкін.	Сұраққа жартылай жауап берілді
6.	Сол түскен салықты біз (Ақтоғай кенті) неге көрмейміз, яғни ол ақша қайда кетеді? Неге ол ақшаға балабақша салынбайды?	Әкім орынбасары жауап берді: «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Ақтоғай)» эмиссиялар үшін төлеген төлемдер Аягөз бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына жіберіледі. Түскен қаржыға бүкіл Абай облысы көтеріліп жатыр, жақсартуға бағытталады. Өздеріңіз білесіздер: Абай облысы жаңа ғана құрылды Семей қаласын көтеру үшін мына сумма емес бұданда көп кетеді. Қазір бүкіл келе жатқан төлемдер облысқа кетіп жатыр. Эмиссия төлемдері бізге Ақтоғайға келмейді, ол облыстың немесе ауданның бюджеті.	Сұраққа жартылай жауап берілді
7.	Неге төлемдер облысқа аударылады, мында айтылған ғой ауданға төленеді деп? Егер төлемдер ауданға түсетін болса, олар облысқа бөлетін болса қағаздарын көрсетіңіздер қанша ақша ауданнан кетті, ол заңсыз ғой?	Әкім орынбасары жауап берді: «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Ақтоғай)» Аягөз ауданында тіркелген сондықтан ол төлемдер біздің ауданға түседі. Жаксы, ақпаратты береміз.	Сұраққа жартылай жауап берілді
8.	Мекемелерден налог түседі ғой, сіздер мемлекетке қызмет атқарып отырсыздар ауылда соңғы жылда қандай жұмыстар жасалынды, қандай сооружения салынды?	Әкім орынбасары жауап берді: Бүгін осы сұрақтарға жауап алу үшін үлкен мүмкіндік бар өйткені сағат 18.30 осы ауылдық клубта жиналыс болады. Бұл жиналысқа білім саласын, медицина, ЖКХ, автомобиль жолдары, табиғи ресурстар, әлеуметтік бағдарламалармен жұмысты қамтамасыз ететін басшылар келеді. Осы және мазалап жүрген сұрақтарды департамент басшыларына қойыңыздар.	Сұраққа жартылай жауап берілді
9.	Жергілікті әкімшіліктің қандай жоспары бар?	Әкім орынбасары жауап берді: Жергілікті әкімшілікке түскен ақшаны бізге айтпайды «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Ақтоғай)» түсті деп, анадан түсті деп әрбір салық жеке ерекшелік болып табылады. Біз жинайтын салықты өзіміз бюджетке құямыз. Басқа түсіп жатқан салық, ауданға түсіп жатқан салық біздің компетенцияға келмейді.	Сұраққа жартылай жауап берілді
10.	Қазақмыс неге бізге көмектеспейді? Неге жол салынбайды?	Әкім орынбасары жауап берді: Жол салынады, қазір Қопа мен Ақтоғай арасындағы жолды аяқтайды, балабақша проектісі қолға алынып жатыр, тех. условия берілді.	Сұраққа жартылай жауап берілді

11.	Әкімдікте ағаш отырғызу жоспары бар ма олардың саны және әкімдікте ағаштарды суару және күту үшін жеткілікті қаражат бар ма? КазМинералз ағаштарды тек отырғызып кетпей, оларды күтіп, суару жұмыстарын атқаруы керек.	Әкім орынбасары жауап берді: Бізде отырғызылған ағаштарға күтім жасауға мүмкіндігіміз жоқ. Ғалым Аманжолов «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Актоғай)» атқарушы директоры жауап берді: Отырғызған ағаштарға екі жыл күтім жасауға кепілдік береміз.	Сұраққа жартылай жауап берілді
12.	Сіздер біздің кентімізде 400 ағаш көктем айында отырғызамыз деп уәде бердіңіздер, бірақ ағаштар қазіргі уақытқа дейін отырғызылған жоқ.	Ғалым Аманжолов «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Актоғай)» атқарушы директоры жауап берді: Ағаш отырғызу жөніндегі техникалық сипаттама келісімшарт бөлімінде қаралуда. Актоғай және Қопа ауылдарында ағаштар отырғызуды жоспарлап отырмыз, бірақ салу үшін бізге жердің құжаттары керек. 2023 жылы әкімдік тандаған учаскеге 200 ағаш отырғызылады, чернозем енгізіледі. Ал 2024 жылы көктемде ағаштар отырғызу жоспарлануда, белгіленген алаңды малдардан қорғау үшін тікенді сыммен қоршалады. Жасыл желектерді суару мақсатында әкімдікке бір суару техникасы берілетін болады.	Сұраққа жартылай жауап берілді
13.	2016 жылдан бері Актоғай кентінде қандай құрылыстар салынған?	Ғалым Аманжолов «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Актоғай)» атқарушы директоры жауап берді: Осы жылы Актоғай мен Қопаның арасындағы 7 км тас жолын жөндеу жұмыстары аяқталды. Және де балалар ойнайтын алаңдар салуды жоспарлап отырмыз: Актоғайда 2 алаң, Қопа ауылында 1 алаң салынады.	Сұраққа толық жауап берілмеді
14.	Салынған алаңдарға уақытылы тексеру және жөндеу жұмыстарын кім атқарады?	Ғалым Аманжолов «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Актоғай)» атқарушы директоры жауап берді: Қаз Минералз балалар алаңдарын салғаннан кейін, бұл алаңдарды әкімшілікке тапсырамыз.	Сұраққа жартылай жауап берілді
15.	Казминералз жергілікті тұрғындар арасынан адамдарды жұмысқа қабылдауға уәде береді, бірақ қабылдайтын адам өте аз? Бізге жер асты суын алу үшін су ұңғымаларын тереңірек бұрғылауды сұраймыз.	Ғалым Аманжолов «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Актоғай)» атқарушы директоры жауап берді: Бұл сұрақ қарастырылады.	Сұраққа жартылай жауап берілді
16.	Актоғай-Қопа тас жолын салуды қысқа дейін бітіру үшін қосымша техника қажет.	Ғалым Аманжолов «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (КАЗ Минералз Актоғай)» атқарушы директоры жауап берді: Бұл сұрақ қарастырылады.	Сұраққа жартылай жауап берілді
17	Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Курманова.Ә.М. 2023-2024 жж.іс-шара жоспарына сәйкес 5.1-тармақта жасыл желектерді отырғызу және күтім жұмыстары (50 дана терек көшеттері және 50 дана қарағаш		Мәселе шешілген жоқ

	көшеттері) толық көлемде орындалмады. Негіздеу керек пе?		
18	Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Курманова.Ә.М. 2023-2024 жылдарға арналған іс-шара жоспарына сәйкес 5.2-тармақта 2023 жылға арналған іс-шара салынды. Ақтоғай кен орнында СҚА абаттандыру және көгалдандыру жобасын әзірлеу осы жобаны әзірледі және келісті? Ол қанша пайыз орындалды? Құжаттармен негіздеу керек пе?		Мәселе шешілген жоқ
19	Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Курманова.Ә.М. Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар туралы келісім бар ма? Қайда қойылады? Қалдықтарды шығару шартын ұсыну керек пе?		Мәселе шешілген жоқ
20	Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Курманова.Ә.М. Абаттандыру саласында және әлеуметтік мәселелер бойынша қандай жұмыстар жүргізілді?		Мәселе шешілген жоқ
21	Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Курманова.Ә.М. 2023-2024 жж. іс-шара жоспарына сәйкес 1.1-тармақта СҚА шекарасында атмосфералық ауаның мониторингі орындалмаған?		Мәселе шешілген жоқ

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсінуі үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы Сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары: *Жобаға қатысты ескертулер, шағымдар мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.*

ММ"Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы"

Бөлім басшысы

Экологиялық сараптама



Курманова.Ә.М.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шағым жасауға болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Шангереева Динара Тұрсыновна
– Абай облысы Ақтоғай кенттік округі әкімінің орынбасары


қолы 19.09.2023 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:
Аубекерова Айгерим – "KAZ Minerals Aktogay" (КАЗ Минералз Ақтоғай)
ЖШС Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі үйлестірушісі


қолы 19.09.2023 ж.

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 23171710001, Дата: 17/07/2023

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории:

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Материалы документов для получения экологического разрешения на воздействие ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Актогай)

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Абай, Аягозский район, Актогайская п.а., п.Актогай, ул.Маметова, 5, в здании Актогайского сельского клуба, 19/09/2023 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (25 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Газета "Дидар" "Рудный Алтай", Радио "NS"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

область Абай, Аягозский район, п. Актогай, ул.Маметова, 5, в здании Актогайского сельского клуба

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "KAZ MINERALS AKTOGAY" (КАЗ МИНЕРАЛЗ АКТОГАЙ)
(БИН: 090840006023), 8-727-244-0353, Kamshat.Konakbayeva@Kazminerals.com, www.kazminerals.com

Представитель: Мулдашев Р.М.

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Актогай)

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов
административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных
слушаний**

исходящий номер: 23171710001, Дата: 20/07/2023

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №23171710001, от 17/07/2023 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Материалы документов для получения экологического разрешения на воздействие ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Актогай), в предлагаемую Вами 19/09/2023 11:00, область Абай, Аягозский район, Актогайская п.д., п. Актогай, ул. Маметова, 5, в здании Актогайского сельского клуба(дата, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "KAZ MINERALS AKTOGAY" (КАЗ МИНЕРАЛЗ АКТОГАЙ)
(БИН 090840006023), 8-727-244-0353, Katshtat.Konakbayeva@kazminerals.com, www.kazminerals.com

Представитель: Муддашев Р.М.

Составитель отчета о возможных воздействиях ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Актогай)

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы
«KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (Казминералз Ақтоғай) әсер етуге арналған
экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары (қоршаған ортаға
эмиссиялар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы,
экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар
жоспары, ықтимал әсерлер туралы есеп, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі)

p/c №	Қатысушылардың аты-жөні	Қатысушылардың ЖСН	Мәртебесі	Қолы
1	Мамосов М.		ТОО ЕО АІР	
2	Зиновьева Н.А.		ТОО „ЕО АІР“	Зиновьева
3	Кулибаева Ш.С.		ТОО „Казминералз Ақтоғай“	
4	Арыасерев А.Е.		ТОО „Казминералз Ақтоғай“	
5	Саманов С.А.		ТОО „Казминералз Ақтоғай“	
6	Алиев В.С.О.		Местный и.с.с.в.р.	
7	Тынышбаев С.Х.		ТОО „Казминералз Ақтоғай“	
8	Амиров А.Б.		КММ	
9	Аманжолбеков Г.М.		КММ	
10	Бегзбаев В.А.		Ақтоғай тұр.а.м.	
11	Садырбаев А.Б.		Ақтоғай тұр.а.м.	
12	Нурбаев Р.Д.		Ақтоғай тұр.а.м.	
13	Жилеу А.		Ақтоғай тұр.а.м.	
14	Топтеган Тұрған		КДПА а.м. тұр.а.м.	
15	Ахсанова Т.		Мәжіліс үйі	
16				
17				
18				
19				
20				
21				



ПРЕЗИДЕНТ ДАЛ РЯД КОНКРЕТНЫХ ПОРУЧЕНИЙ ГЛАВЕ АО «НУХ-БАЙТЕРЕК»

Касым-Жомарт Токаев был ознакомлен с результатами деятельности холдинга «Байтерек» за I полугодие 2023 года, в том числе с ходом реализации инициатив по поддержке предпринимательства, агропромышленного комплекса и обеспечения населения жильем, передает пресс-служба Акорды.

По данным, представленным президенту, общий финансовый результат бизнеса составил 114,4 млрд тенге. Холдинг активно поддерживает развитие малого и среднего бизнеса, в частности, через фонд «Даму», который поддержал более чем 15 тысяч предпринимателей. Главе государства было доложено, что с начала 2023 года «Отбасы банк» помог обеспечить жильем 29 тысяч семей. Банк активно участвует в программе субсидирования аренды, которая представляет собой форму базово-модельной государственной поддержки граждан, являющихся инициаторами I и II групп, семей, воспитывающих детей-инвалидов, детей-сирот, и многодетные семьи. В первом полугодии было одобрено более 9 тысяч заявок. Касым-Жомарт Токаев был проинформирован, что через АО «Аграрная кре-

дитная корпорация» с начала года было выделено более 271 млрд тенге и поддержано порядка 9 тысяч фермеров.

В этом году освоено 3,5 млн гектаров земли, это 10 % от всех посевных площадей страны. В целях укрепления продовольственной безопасности и снижения импортозависимости было выделено свыше 131 млрд тенге на кредитование инвестиционных проектов в агропромышленном комплексе. Свыше 70% объема финансирования аграрного сектора приходится на АО «Аграрная кредитная корпорация» и АО «КазАгроФинанс».

В завершение президент дал ряд конкретных поручений, направленных на улучшение условий для развития бизнеса и совершенствование социальной жилищной политики.

АКИМ ОБЛАСТИ АБАЙ ПОСЕТИЛ С РАБОЧИМ ВИЗИТОМ БЕСКАРАГАЙСКИЙ РАЙОН

Нурлан Уранкаев в ходе рабочего визита встретился с жителями бескарагайского района и провел личный прием граждан. После глава области посетил несколько объектов – строящихся и ремонтируемых в районе.



Аким области ознакомился с капитальным ремонтом детского сада на сумму 54,8 млн тенге. Подразная организация ТОО «ИТМ КАРТО», ТОО «Айылда Андыс» Инспектура ход ремонтных работ в детском саду, глава области указал подрядчику на необходимость ускорить темпы.

«Темпы работы очень низкие, нужно ускориться. Ускоряйте работу», – подчеркнул глава области.

Также Нурлан Уранкаев проверил ход ремонта в сельском клубе в селе Канонор. По завершению подрядчик, завершение ремонта планируется в 31 августа, может быть, получится завершить его раньше. При этом, внутреннюю работу в клубе не планируется – подрядчик পরিবর্তন করবে.

Аким области ознакомился с ходом строительства дома в селе Канонор. Вместе с тем, глава области посетил объект в селе Жыланды – там построена Жыландынский основанная школа. Нурлан Уранкаев осмотрел школу и проинспектировал ее основание. В настоящее время в школе обучаются 71 учеников и работают 10 педагогов. В школе 14 учебных кабинетов и 1 кабинет робототехники. Также имеется спортивный зал, футбольное поле с искусственным покрытием и стадион, крытый игровой площад. Аким бескарагайского района Талат Муратаев также отметил, что в селе Жыланды школа была, но ее признали аварийной и построили новую. Вместе с тем, аким района отметил, что планируется реконструкция асфальтной тротуара в селе Жыланды и, по возможности, дорогу довести до новой школы.

«Сейчас мы прорабатываем вопрос, чтобы сделать техническое решение и подвести дорогу сюда, к школе. Вплоть до села тянуть дорогу нет необходимости, но дорогу для детей все равно сделать. Школы и детские сады до сентября, вдумай, завершат работы и будут готовы к учебному году», – заключил глава района.

АКИМ ГОРОДА НУРБОЛ НУРСАГАТОВ ПРОВЕРИЛ ХОД СТРОИТЕЛЬНЫХ РАБОТ В МИКРОРАЙОНЕ КАРАГАЙЛЫ



Аким города Семей Нурбол Нурсагатов с рабочей поездкой посетил микрорайон Карагайлы и ознакомился с ходом строительства многоэтажных жилых домов. В осмотре объектов, на которых ведутся работы, приняли участие руководители подрядных организаций.

В настоящее время в микрорайоне Карагайлы ведется строительство 20 бюджетных многоэтажных жилых домов.

Аким города поручил подрядным организациям завершить работы вовремя.

Изготовление пластиковых окон, балконов, перегородок

Центр Окон

Остекление балконов
Консультация специалиста, замер – бесплатно

ВЫГОДНЫЕ УСЛОВИЯ

Тел: 67-26-13, 8 708 467 26 13

ЧИТАЙТЕ В НОПЕРЕ:

ПОДСОБНИК ДОМА ПОСТАРЕЛЫХ ПОДХОДЯЩИЙ

СЕМЕЙ – ГОРОД ТОРГОВЫЙ

25 ЛЕТ НА ЧЕРДАКЕ ПО ВОЛЕ МАТЕРИ

ВИДИМЫЕ ПРОБЛЕМЫ НЕЗРИМЫХ ЛЮДЕЙ

Индивидуальный предприниматель Адамова Наталья Викторовна
ИНН 830614402112 Республика Казахстан, Восточно-казахстанская область, г. Усть-Каменогорск,
ул. Бажова 570/1. Св-во о гос регистрации индивидуального предпринимателя Серия 10915 № 0654598 от
29.02.2012г. ИИК KZ436017151000006581
в АО "Народный Банк Казахстана" БИК HSBK KZKX

ЭФИРНАЯ СПРАВКА

26 июля 2023 г.

Данная эфирная справка подтверждает, что 26 июля 2023 года в 10.10 в эфире радиостанции «NS» 102,8 FM, вещание в области Абай, была размещена информация:

19.09.2023 г. в 11.00 ч. по адресу Республика Казахстан, область Абай, Аягозский район, п.Актогай, ул.Маметова, 5, в здании Актогайского сельского клуба проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам документов для получения экологического разрешения на воздействие для ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Актогай) (Проект нормативов эмиссий в окружающую среду, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий по охране окружающей среды, отчет о возможных воздействиях, раздел «Охрана окружающей среды»).

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Для участия в слушаниях посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom, необходимо пройти по ссылке:

<https://us05web.zoom.us/j/3190037214?pwd=UnIxQlBVWHlEbTlzaU8wVXNlCm99PQT09>

Идентификатор: 319 003 7214, пароль: VJgZ3T.

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 8 (775) 0159556.

Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: тел. 8 (727) 244-03-53 вн. 59202, e-mail: Kal.Environmental@kazminerals.com.

Заказчик: ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Актогай), БИН 090840006023, РК, г. Алматы, Проспект Достык, 85А, корпус 1, тел. 8-727-2440353, www.kazminerals.com.

Разработчик: ТОО «ECO AIR»; БИН 050940002909; РК, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Астана, 4; тел. 8 (7232) 41-06-87.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел.: 8 (7222) 354422.

Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/> и на сайте МНО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: <https://ecoportal.kz/>, literlikbaeva@akimatabai.gov.kz.

Директор



Адамова Н.В.

Индивидуальный предприниматель Адамова Наталья Викторовна
ИИН 830614402112 Республика Казахстан, Восточно-казахстанская область, г.
Усть-Каменогорск, ул. Бажова 570/1. Св-во о гос регистрации индивидуального предпринимателя
Серия 10915 № 0054598 от 29.02.2012г ИИК KZ436017151000006581
в АО "Народный Банк Казахстан БИК HSBKKZKX

ЭФИРЛІК АНЫҚТАМА

26 шілде 2023 г.

Бұл эфирлік анықтама 2023 жылғы 26 шілдеде сағат 11.10-да Абай облысында хабар тарататын "NS" 102,8 FM радиостанциясының эфирінде ақпарат орналастырылғанын растайды:

19.09.2023 ж. сағат 11.00-де Абай облысы, Аягөз ауданы, Ақтоғай кенті, Маметова көшесі, 5 мекен-жайы бойынша Ақтоғай кенттік клубы ғимаратында «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (Казминералз Ақтоғай) әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары (қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, ықтимал әсерлер туралы есеп, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі) бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі.

Тыңдаудың Zoom платформасында өткізілетін видеоконференциясына мына сілтеме арқылы қатысуға болады:

<https://us05web.zoom.us/j/3190037214?pwd=UnIxQlBVWHIEbTlzaU8wVXNCbm9PQT09>

Идентификатор: **319 003 7214**, пароль: **VJgZ3T**.

Конференцияға қосылу сұрақтары бойынша 8 (775) 0159556 телефонына хабарласуға болады. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық пошта: тел. 8 (727) 244-03-53 вн.59202, e-mail: Kal.Environmental@kazminerals.com.

Тапсырыс беруші: ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Ақтоғай) ЖШС, БСН 090840006023, ҚР, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85а, 1 корпус, тел. 8-727-2440353, www.kazminerals.com.

Әзірлеуші: «ECO AIR» ЖШС; БСН 050940002909; ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен к., Астана көш., 4; тел. 8-7232-41-06-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Абай облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 354422.

Жоба бойынша құжаттамалар Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru> сайтында жарияланған.

Ескертпелер мен ұсыныстар <https://ecoportal.kz/>, l.terlikbaeva@akimatabai.gov.kz электрондық пошталары бойынша қабылданады.

Директор



Адамова Н.В.

ХАБАРЛАНДЫРУ

19.09.2023ж. сағат 11.00-де Абайоблыста, Аягөз ауданы, Ақтоғай кенті, Маметова көшесі, 5 мекен-жайы бойынша Ақтоғай кентінің клубы ғимаратында «KAZ Minerals Ақтоғай» ЖШС (Қазминерал Ақтоғай) әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары (қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобасы, кәсіпкерлер басқару бағдарламасы, экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаға қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, ыстық су ресурстары туралы есеп, «Қоршаған ортаға қорғау» бағдарламасының жалпы түрінде қолданыс табуы) өткізіледі.

Қатысушыларға тіркеу жеке басып нұсқалықтарын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі.

Тыңдаудан Zoom платформасында өткізілетін видеоконференциясына мына сілтеме арқылы қатысуға

болады: <https://us05web.zoom.us/j/3190037214?pwd=UmlkQWVWbWpEbnRlZUk5VXNCbm99Q0Q1OT09>

Идентификатор: 319 003 7214, пароль: VJgZ3T.

Конференцияға қатысуға қатысушылар бойынша 8	(775)	0159556
телефон арқылы қатысуға болады. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар		мен
электрондық пошта: тел. 8 (727) 244-03-53 вн.59202,		e-mail:
Kal.Environmental@kazminerals.com		

Тапсырыс беруші: ТОО «KAZ Minerals Ақтоғай» (KAZ Minerals Ақтоғай) ЖШС, БИН 090840006023, РК, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85а, 1 корпус, тел. 8-727-2440353, www.kazminerals.com.

Өзірлеуші: «ЕКО АИР» ЖШС, БИН 050940002909, РК, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Астана көш., 4; тел. 8-7232-41-06-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Абай облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7272) 354422.

Жоба бойынша құжаттамалар Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz/> және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/nemeleket/entities/abay-tabigat/lang=ru> сайтында жарияланған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ecportal.kz/>, Literikbaeva@akimatabay.gov.kz, электрондық пошталары бойынша қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

19.09.2023г. в 11.00ч. по адресу Республика Казахстан, область Абай, Аягөзский район, п.Актогай, ул.Маметова, 5, в здании Актогайского сельского клуба проводится общественные слушания в форме открытого собрания по материалам документов для получения экологического разрешения на воздействие для ТОО «KAZ Minerals Ақтоғай» (KAZ Minerals Ақтоғай) (Проект нормативов эмиссий в окружающую среду, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий по охране окружающей среды, отчет о возможных воздействиях, раздел «Охрана окружающей среды»).

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Для участия в слушаниях посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom, необходимо пройти по ссылке:

<https://us05web.zoom.us/j/3190037214?pwd=UmlkQWVWbWpEbnRlZUk5VXNCbm99Q0Q1OT09>

Идентификатор: 319 003 7214, пароль: VJgZ3T.

По вопросам подключения к конференции обратиться по телефону 8 (775) 0159556.

Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: тел. 8 (727) 244-03-53 вн.59202, e-mail: Kal.Environmental@kazminerals.com.

Заказчик: ТОО «KAZ Minerals Ақтоғай» (KAZ Minerals Ақтоғай), БИН 090840006023, РК, г. Алматы, Проспект Достық, 85А, корпус 1, тел. 8-727-2440353, www.kazminerals.com.

Разработчик: ТОО «ЕКО АИР»; БИН 050940002909, РК, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Астана, 4; тел. 8 (7232) 41-06-87.


Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов» в регулировании природопользования области Абай, тел.: 8(7272)354422.

Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> и на сайте МНО <https://www.gov.kz/nemeleket/entities/abay-tabigat/lang=ru>.

31 июл. 2023 г. 09:56:32

Актогай Аягөзский Abay Region

ларының тізбесі.



31 июл. 2023 г. 09:58:36

Актогай Аягозский Abay Region

1 слайд

Сәлеметсіздер ме, құрметті қоғамдық тыңдаулардың қатысушылары!

2 слайд

Бүгін біз жиналған себебіміз Экологиялық кодекстің 122-бабына сәйкес "KAZ Minerals Aktogay" кәсіпорынның қоршаған ортаға ықпалына рұқсат алу үшін өтінім материалдарын талқылаймыз, атап айтқанда:

1. Эмиссиялар нормативтерінің жобасы;
2. Қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы;
3. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы;
4. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы

3 слайд

Ақтоғай кен орны әкімшілік бөлінісі бойынша Аягөз ауданы Абай облысының аумағында, Ақтоғай кентінен шығысқа қарай 25 км қашықтықта орналасқан. Сондықтан қоғамдық тыңдаулар бүгін Ақтоғай кентінің ауылдық клубында өткізіледі

Ақтоғай КБК құрамында келесі өндірістік алаңдар бар

- №1, №2 сульфидті кенді байыту фабрикалары;
- сұйық экстракция және электролиз зауыты;
- Ақтоғай кен орны;
- құрылыс тас кен орны Каменный карьері;
- "Перманент", "Тұран" және "Кереге" вахталық қалашықтары;
- вахталық қалашық және құрылыс инфрақұрылымы.

4 слайд

Оператордың барлық өндірістік алаңдары жұмыс істейді және қазіргі уақытта қолданыстағы бар әсер ету рұқсатында ескерілді (қоршаған ортаға ықпалына эмиссия рұқсаты) ол Рұқсат 2023 жылдың 24 сәуірінде алынған және осы слайдта ұсынылған.

Ағымдағы жылдың маусым айында оператор "Ақтоғай" кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспары "жоспарланған қызметтің ықтимал әсерлері туралы есеп" жобасына қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды алынған, осы слайдта ұсынылған.

Түзетілген тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша карьер параметрлерін өзгерту, жұмыс істеу мерзімін 2 жылға қысқарту (бұрын қабылданған 2047 жылдың орнына 2045 жылға дейін қысқарылды), кен орнының карьерін игеру күнтізбелік кестесі және өнімділігі көзделеді.

Осы қорытындыны алуға байланысты қолданыстағы жобалық құжаттамаларға түзету жұмыстары жүргізіледі.

Ақтоғай кен орнына жатпайтын қолданыстағы көздері (ол дегеніміз ауаға зиянды заттардың тасталатын көздері) оператордың барлық қоршаған ортаға ықпалына эмиссия рұқсатында көрсетілген лимиттер толық көлемдей өзгеріссіз сұралады.

5 слайд

Рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы

Бұл слайдта оператордың барлық өндірістік алаңдары бойынша қолданыстағы және сұралған лимиттердің салыстырмалы талдауын көре аламыз.

Оператордың барлық өндірістік алаңдарын эксплуатациялау кезінде атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының 295 көзі жұмыс істейді, оның ішінде ҚұрылысМонтажЖұмыстар кезеңіне уақытша 2 көзі жұмыс істейтін болады. ҚМЖ кезеңінде шығарындыларды ескере отырып, нормалауға жататын ластанушы заттардың жиынтық шығарындылары 2579,689523 т құрайды.

6 слайд

Оператор атмосфералық ауаға теріс әсерді азайту жөніндегі іс-шараларды тұрақты түрде орындайды, мысалы:

- Карьер ішіндегі объектілердің (кенжарлар, жолдар, бұрғылау-жару жұмыстары, үйінділер) шаңын басу шығарындыларды 80% - ға азайтуға мүмкіндік береді;
- Қондырғылардың бос режимдегі жұмысын азайту;
- СҚА шекарасындағы атмосфералық ауаның мониторингі (әсер ету мониторингі);
- жабдықтар мен техниканы жоспарлы-алдын ала жөндеу;
- автокөлік қозғалысын қатаң кесте бойынша және мақсаты бойынша ұйымдастыру;
- жабдықтың гидравликалық жүйелерінің апатсыз жұмысын қамтамасыз ету.

7 слайд

Ақтоғай кен орны мен байыту фабрикаларында шаңды азайту үшін шаң басу қолданылады. Бұл слайдта қолданылатын шаңды басу әдістері көрсетілген. Карьерде - арнайы көлік су цистернамен шаң басады, байыту фабрикаларында- бұнда көзден шыққан шаңды осы жеңді сүзгілер қондырғы арқылы 90 %-жоғары шаңды ұстап алады.

8 слайд

Қалдықтарды басқару бағдарламасы

Бұл слайдта сіз аршылған жыныстар мен үйінді байыту қалдықтарын орналастырудың қолданыстағы және сұралған лимиттерінің салыстырмалы талдауын көре аласыз.

Барлық өндіріс және тұтыну қалдықтары арнайы жабдықталған қондырғыларда орналастырылады және олардың пайда болуы мен орналасуына қатаң бақылау жүргізіледі.

9 слайд

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару:

- ✓ Қалдықтарды басқару (жинақтау, жинау, тасымалдау, жою) ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады;

- ✓ Қалдықтар тиісті таңбасы бар өндірістік алаңдарда орналасқан қалдықтарды уақытша сақтауға арналған арнайы контейнерлерге немесе ыдыстарға жиналады;
- ✓ Шығарылатын қалдықтардың көлемін көрсете отырып, қалдықтарды әкетуге арналған құжаттаманы рәсімдеу;
- ✓ Кәсіпорынның есепке алу журналдарында және компьютерлік деректер базасында қалдықтарды шығару туралы ақпаратты тіркеу;
- ✓ Қалдықтарды тасымалдау барынша азайтылды;
- ✓ Барлық пайда болған қалдықтарды шарт бойынша қауіпті қалдықтарды қалпына келтіру және жою саласында лицензиясы бар мамандандырылған кәсіпорындар әкетеді.

10 слайд

Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы

Мониторингтің мынадай түрлері жүргізіледі:

- ✓ Операциялық мониторинг үнемі жүргізіледі және кәсіпорынның технологиялық регламентіне сәйкес параметрлерді бақылауды қамтиды.
- ✓ Эмиссиялардың мониторингі атмосфералық ауаға шығарындылар көздерінде жүргізіледі, сондай-ақ қалдықтардың пайда болуы мен қозғалысының тұрақты есебі жүргізіледі.
- ✓ Әсер ету мониторингі (атмосфералық ауаның, топырақтың, жерасты суының, радиацияның жай-күйін бақылау).

Аспаптық өлшеулерді бақылаушы ұнғымалардағы атмосфералық ауаны, жер асты суын бақылау нүктелері бойынша тоқсан сайын аккредиттелген зертханалар жүргізеді. СҚА шекарасындағы топырақты, қарды талдауға сынамалар жылына бір рет алынады.

Өндірістік мониторингке сәйкес нормативтік көрсеткіштерден асып кету байқалмайды.

11 слайд

Бұл слайдта дозиметриялық бақылау хаттамалары берілген. "Зертхана-Атмосфера" ЖШС тәуелсіз аккредиттелген зертханасы жүргізген өлшеулердің деректері бойынша радиациялық фон қауіпсіз норма шегінде.

12 слайд

Әсерді бағалау және су ресурстарына теріс әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар:

- Ақтоғай кен орны су қорғау аймақтары мен белдеулерінен тыс орналасқан
- Су ресурстары персоналдың ауызсу қажеттіліктерін қанағаттандыру және шаңды басу шараларын жүргізу үшін пайдаланылады (техникалық сумен жабдықтау)
- Жоспарланған қызмет барысында төгінділер көзделмейді
- Технологиялық ережелерді қатаң сақтау және апаттардың алдын алу жүргізіліп жатқан жұмыстардың су ресурстарына кері әсерінің жоқтығын болжауға мүмкіндік береді.

- Жер асты суларының сапасын бақылау - бақылау ұңғымаларынан су сынамаларын алу

13 слайд

Өз қызметін жүзеге асыру кезінде оператор қоршаған ортаға әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұстанады, мысалы:

Атмосфералық ауаны қорғау:

- ▶ Жылжымалы көздерден реттелмеген шығарындыларды болдырмау үшін жыл сайынғы техникалық қызмет көрсетуді және тексеруді жүзеге асыру.
- ▶ СҚА шекарасындағы атмосфералық ауаның мониторингі (әсер ету мониторингі).
- ▶ Шаң шығуы мүмкін жұмыс орындарында, сондай-ақ жолдар мен кірме жолдарда, үйінділерде полимер эмульсияларын қолдану арқылы шаңды басу шараларын жүргізу.

Су объектілерін және жер асты суларын қорғау:

- ▶ Қолданыстағы бақылау ұңғымалары желісі арқылы жер асты суларының жай-күйін бақылау.
- ▶ Аккредиттелген зертхананы тарта отырып, карьер суларының сапасына мониторингті жүзеге асыру.

Жер қойнауын қорғау:

- ▶ Карьерге өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуіне жол бермеу.

Жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау:

- ▶ Кәсіпорын аумағын көгалдандыру, кейіннен екпелерді күту.

14 слайд

Жерді қорғау:

- ▶ Топырақ қабатын алдын ала алып тастау, оны жеке үйінділерде сақтау және рекультивация кезінде одан әрі пайдалану.
- ▶ СҚА шекарасында топырақ жамылғысына әсер ету мониторингін жүргізу.

Қалдықтарды өңдеу:

- ▶ Түзілген қалдықтарды жинау үшін арнайы орындарды ұйымдастыру.
- ▶ Қалдықтарды мамандандырылған ұйымға беру.
- ▶ Жол салу үшін аршылған жыныстарды пайдалану.

Білім беру қызметі

- ▶ Экологиялық білім беру және насихаттау, экологиялық басылымдарға жазылу.
- ▶ Экологиялық білім беру және насихаттаумен айналысатын мамандардың біліктілігін арттыру.
- ▶ Экологиялық акцияларға, конкурстарға, сенбіліктерге қатысу және өткізу.
- ▶ Мерзімді нұсқамалар өткізу.

15 слайд

2022 жыл ішінде "Геосхем" ЖШС-сі Ақтоғай КБК аумағында топырақ зерттеулері жүргізілді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша ағымдағы жылы ""KAZ Minerals Aktogay" ЖШС (Қаз Минералз Ақтоғай) үшін

санитарлық-қорғау аймағының шекараларын белгілеу, абаттандыру және көгалдандыру жобасы"әзірленді.

Бұл жоба санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарында келісілді және ағымдағы жылдың 14 тамызында оған санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алынды, оны сіз осы слайдта көре аласыз.

Жүргізілген зерттеулер мен алынған санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының деректері бойынша Ақтоғай КБК кен орнының Біріккен санитариялық-қорғау аймағының ауданы 12 мың гектарды құрайды.

СҚА аумағы шөпті және бұталы өсімдіктерге ие, көгалдандыру пайызы 40% - дан асады.

СҚА аумағының топырақтары:

- тұздылығы жоғары қоңыр қатты сортаң топырақтар;
- қиыршық тас пен тастың күшті дәрежесі бар қоңыр, дамымаған топырақтар;
- тұздылығы жоғары шалғынды сортаңдар.

Яғни, осы зерттеулердің негізінде СҚА аумағының топырағы ағаштар мен бұталарды отырғызуға жарамсыз деген қорытындыға келді. Қорытындыға сәйкес, топырақтың жарамсыздығын, жел электр станциясының жақындығын және тұрғын үй құрылысының қашықтығын ескере отырып, тұрғын үй құрылысы жағынан ағаш-бұта екпелерінің жолағын ұйымдастыру мүмкін емес.

16 слайд

Жақын маңдағы елді мекендердің едәуір қашықтығын назарға ала отырып, Ақтоғай кен орнының учаскелерін абаттандыру мақсатында жобада Ақтоғай КБК құрылыс салудан бос аумақтарын көгалдандыру жөніндегі іс-шараларды орындау көзделеді.

Осыған байланысты оператор жалпы ауданы 13 мың шаршы метрден асатын құрылыс салудан бос КБК аумағын көгалдандыруды жоспарлауда.

17 слайд

Оператор жыл сайын мемлекеттік бюджетке міндетті төлемдер жүргізеді. Бұл слайдта 2022 жылғы және 2023 жылдың 1-2 тоқсандарындағы эмиссиялар үшін төлем сомаларын көре аласыздар.

18 слайд

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Бұл жұмыста қоршаған ортаның жай-күйінің нәтижелері келтірілген және «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС (Каз Минералз Ақтоғай) өндірістік объектілерінің қызметі кезінде қоршаған ортаға әсердің сапалық және сандық бағасы орындалған.

Қоршаған ортаның жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізу, ақаусыз жұмыс істеуді қамтамасыз ету және жобада көзделген барлық іс-шараларды жүзеге асыру жоспарланған іс-шараларды қолайлы деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорын өз қызметіне бақылауды күшейтуге, төтенше жағдайлардың туындауына жол бермей, жұмыс бағдарламасында көзделген қоршаған ортаны қорғаудың барлық шараларын орындауға міндеттенеді.

19 слайд

Баяндама аяқталды.

Көңіл бөлгендеріңізге рақмет!